

ӘОЖ 82.09

ВЕСТИАЛДЫ ЛЕКСИКАНЫҢ ТІЛАРАЛЫҚ БЕРІЛУІ

Ауелғазина Айғаным Қанатқызы
08_aika_96@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің
аударма теориясы және практикасы кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж. Қоңыратбаева

Қазақ халқы көшпенді мал шаруашылығын басты өндіріс тәсілі ретінде қолдана отырган мәдениетке бай ұлт. Қазақтың рухани жұбанышы болып, қолөнер мәдениетін алсақ, сол қолөнер мұралары ішінде халықтың көркі болған, сән-салтанатын асырып, ерлігі мен өрлігін, жан сұлулығын әйгілеген ұлттық киім-кешек мәдениеті ерекше көз тартады. Киім-кешек ұлттымыздың әдет-ғұрпын, тірлік кешкен ортанды, қолданылған өндіріс тәсілдерді, көркемөнерді танытатын көрсеткіш күрал.

Қазақтың киім киісі айналадағы ортандың, оның үскірік аязы мен аңызак желінің әсерімен, бар өмірі аттың үстінде өткен көшпелі қауымның, танның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей күн көрген диханның іс-әрекетімен байланысты қалыптасқан заттық мәдениетінің көрінісі. Көркем қолөнерінің классикалық туындылары, ұлттық ерекшелікті бейнелейтін мәдениет ұлғасі. Әр этностың ұлттық киімі өзінің шаруашылығын,

тұрмыстық өмірін, ұлттық дәстүрін, мәдени ерекшелігін, ұлттық мінезін, ұлттық дүниетанымын танытады. Киім-кешек адамдар өмірінде әлеуметтік және этикалық қызмет атқарады. Адамның үстіндегі киіміне қарап әлеуметтік жағдайын, жыныстық ерекшелігін, жас мөлшерін, этикалық ортасын аңғаруға болады [1, 125]. Бұл арада қазақ ұлттық киім мәдениетінің бір түрі болған қыз-келіншектер киімдері. Қазақ әйелдері тұс әрі тұр жағынан болсын көрікті, күрделі тігілген киім ұлгілерін киген. Басты себеп әйел табиғытының сәнді киімдерді, көркем заттарды ұнатып кигені. Қазақ ұлттының сонау ғасырдан бері әлеуметтік деңгей көрсеткішін әйелдердің тұр-әлпетіне, киген киімдеріне қарап анықталған. Сондықтан киім-кешек тұрларі қазақ мәдениетінде ерекше орынға ие.

Халқымыздың ұлттық киімдері қазіргі танда тек мұрағаттар мен тарихи көркем шығармаларда сақталынған. Қазақ қыздарының ұлттық киімдері торғын, баршын, қырмызы, шәйі секілді нәзік маталардан жасалынып, бүрмелі етек, бүрмелі жең қылыш кең тігілген. Бұл тігілу формасы қыз баланың нәзіктігі мен әдептілігі киген киімінен көрініп тұрын деген ниеттен. Ал киімдердің етегі мен жеңінің кең болу себебі қазақтың қонақжайлышы мен мейірімділігін, даладай кең пейілін білдіретін құрал тұрі.

- Киім-кешек атаулары лингвистикада ветилады (лат. *vestis* – киім) лексика деп аталады. Бұл жөнінде Г. Смағұлова «адам дene мүшесін суреттеуде- соматикалық атаулар, ал киген киімін вестемалар зерттейді» деп жазып кеткен [2, 72].

Қазақ әйел затының киім тұрларі жалпы бас киім, дene киім, аяқ киім деп аталғанымен оның жасына байланысты тігілуі, аталуы, тұр-тұсіде өзгешеленген, яғни қыздар мен жас келіндердің, орта жастағы әйел мен қарт аналар киім кио ұлгілері жағынан айырмашылықтар байқалған, ру әрі өңір ерекшелігі жағынанда өзіндік бір таңба не сырға ие болған.

Аударма – біздің ұлттық мәдениетіміздің үлкен тұлғасы, әдебиетіміз бен әдеби тіліміздің дамуына себепші болып келе жатқан қозғаушы күштердің бірі. Аударма барысында реалий немесе жеке ұлт мәдениетіне тән бірліктер бұрыс тәржімаланып бастапқы мағынасын жоғалтқанын көп байқаймыз. Вестиалды лексика өз кезегінде аударма саласында егжей-тегжейлі зерттеле қоймаған. Көркем әдебиеттегі ұлттық нышандығы киім тұрларінің аудармасын зерттейтін болсақ, төл мәдениетімізді басқа ұлт өкілдеріне қаншалықты тусінікті не дұрыс жетіп жатыр ма жоқ па соны байқай аламыз. Ізденіс барысында қазақ тіліндегі көркем шығармадағы қыз-келіншектер киім-кешектерін ағылшын тіліне аудару барысында пайда болған бірнеше бүрмаланушылықтар не қыындықтарды көзіктірдік. Зерттеу құралы ретінде М. Әуезовтың «Абай жолы» мен Г. Мұсіреповтың «Ұлпан» романдарынан теріліп алынған киім-кешек лексемалары.

Шымылдық алдында қос қабат қамзолдың сыртынан көк жібек тысты пүшпақ *išik* киген Айтолқын, бойы шарғылау, бектеріншектілеу болған соң, бүтін жаулығын бігірек етіп салыпты [3]

In front of them, Aitolkyn was walking. She had put on a coat over two velvet camisoles, and a light white calico *zhauylk* was towering on her head like a turban [4].

1) Мысалдағы қамзол дегеніміз екі жағына ою-өрнек салынып, кесте тігіліп, күміс, металл қапсырмалармен өнделген, көп жағдайда жеңсіз тігілетін көйлектің сыртанан киілетін ұлттық сырт киім [5, 246]. Бұл киім түрі халқымызда кең қолданылған, ағылшын тіліне *camisole* деп транслитерация аударма әдісі арқылы аударылған. Контекст тұрғысынан талдайтын болсақ ағылшын тілінде coat вестемасымен бірдей қызмет атқарып тұрғанын байқай аламыз және осы әдіс түрін қолданғаны ұтымды, себебі ағылшын оқырманы бұл элементті тек қазақ ұлтына сай екенін түсіне алады. Алайда қамзол деген бірліктің ұлттық бояуы аудармада толық ашылмаған. Сондықтан *camisole*¹ деп транслитерация әдісінде қалдырып, төменгі жағына *Sleeveless jacket with Kazakh ornaments, worn by the married women* (Шолақ жеңді, ұлттық оюмен безендірілген, орта жастағы әйел адамы киетін сырт киім) деп түсіндірмесін беріп кеткен жөн деген ойға келдік.

- 2) Келесі ұлттық киім ұлгісі қазақтың айналысқан шаруашылығын бейнелейтін, елтіріден

не сеңсөнен тігілп, сырты матамен өндөлетін *išik* вестемасы. Бұл элемент түрінде ғалым Ж. Манкеева айтып кеткендей киімнің қосалқы бөлігі не материалын да елемей кету қателік [1, 123]. *Жібек тысты пұшпақ išik* деп берілген вестема арқылы шет ел оқырманы қазақтың айналысқан кәсібінен бөлек оның көшпендей ел болғанымен және түрлі материалдар қолданып ким тіккенімен таныса алады. Аудармасына көз жүргітетін болсақ *coat* – пәлте не күртеше деген мағынада тәржімаланған. Бұл аударма түрінде генерализация (жалпылау) тәсілі қолданылған, бұл әдісті лексеманың мағынасы маңыздырақ рөл атқарғанда орын алады. Демек *coat išik* вестемасының сырт киім ретінде қолданылатын қызметін жеткізіп тұр, алайда оның ұлттық нышаны мен сипатын толықтай ашпағаны анық. Пұшпақ – малдың не аңың тізеден төмен сирақ терісі [6]. Бұл қосалқы элементті *fur* (жұн) деп a *silk fur cloak* яғни жібек тысты пұшпақ шапан деп аударма тілінде баламасын таба отыра, эквивалентті аудармасын жасап кеткен ұтымды болады.

3) Келесі вестема түрі *жаулық* – әйелдердің басына тартатын орамал. Бұл баскиім үлгісі жайлы академик ғалым Ә. Марғұлан: «жаулықты әйел өмірінің мосқал тарта бастаған жасында тағады», яғни 60-75 жас аралығында басына салатын [7, 49]. Аударма тілінде бұл киім үлгісі транслитерация әдісі арқылы аударылып *calico(išit mata)* *zhauylk* деп сипаты берілген. Әрине бұл аудармада қосалқы элементтің берілуі оның қолданыстағы қызметін түсінкті көрсетіп тұр, тағы да бір жолы ағылшын тілінде баламасын іздең *kerchief* деген эквивалентті аудармасын беріп кетуге болады.

- Қазақ ұлттық киім-кешек үлгілерінен әйел адамының қандай әлеуметтік топқа жататыны, оның жасын, қай өнірден екенін аңғаруға болады.
- Ұлпан шайға қайта оралып келіп, *саукелесін* тастап, жібек *шарыны* алқымына түйрей салды да, Есенейдің тізесіне шынтақтады [3].
- She took off her *saukiel*e and put it aside, flung a light silk *kerchief* on and leaned against Yesenei's knee [4].

1) Саукеле – ұзатылған қызы салтанатты рәсімде тағатын, екі жағынан ұзын әшекей, салпыншақ не бетмоншақ тізілген бас киім түрі. Сырты қымбат матамен тасталып, күміс, алтын, маржан, інжу сияқты асыл тастармен өндөлген. Яғни бұл бас киім үлгісін киген жас келиншек екені мәлім, ал аударма тілінде транслитерация тәсілі бойынша тәржімаланған. Бұл әдіс түрі екінші тілде баламасы болмаған жағдайда не мүлде сондай түсінік болмағанда қолданылады. Транслитерация әдісі қолданылған жағдайда астына түсінктемесін беріп кеткен ұтымды, себебі сол кезде оқырман киім үлгісінің не үшін арналғанын, әрі кейіпкердің жас ерекшелігін аңғара алатын еді. Сол себептен *saukiel*' headdress of bride decorated with jewelry, яғни ұзатылып жатқан қызы киетін, алтын таспен безендірілген бас киім.

2) *Шары* деп орамал, не жаулықты мензеген. Ағылшын тілінде бұл атау толық түсінігі бар *kerchief* *ishyt* не орамал деп ез мағынасының баламасын екінші тілде тауып аударылған.

- Қазақ әйелінің киім-кешек үлгілері адам сұлуулығы мұратын іске асытартын эстетикалық та қызмет атқарған. «Бойжеткен қыз бен тұрмысқа шыққан әйелдер өздеріне арнап тіккен шапандары, шекпендері, тондары, тайжақылары т.б. сырт киімдерге бай. Пішімдері жағынан ер адамадардың киімінен ерекше, оқалы, зерлі, кестелі, сәнді әрі сыпайы келеді [1.125]. Негізі ежелгі заманға дейін кетіп жатқан ұлттымыздың киім түрлері дәстүрді сақтап, әрі көркем стильді бейнелейді.

- Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы көмшат *berkі*, білек толған неше білзіктері – баршасы да бұл өнірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты [8].

- The tiny earrings, the small beaver *cap* she wore and the rings on her fingers – all these seemed dainty and beautiful to Abai [9].

- Бұл мысал түрінде қазақтың ұлттық бас киімі *berkі* берілген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «берік – аң терісінен, елтіріден жиек жүргізіп, матамен тысталып тігілген бас киім» [5,125]. Бұл киім үлгісінен халқымыздың көшпендей шаруашылығымен, оның тіпті қандай кәсіппен айналысқанын біле аламыз. Аудармасында *cap* яғни кепка, ал екінші мағынасы бас киім деп қана берілген. Жалпылама тәсілі қолданылып, оның тек бас киім ретінде қызметі көрсетіліп, ұлттық

бояуы толығымен ашылмаған. Осындағай мәселе туындаған сәтте сипаттамалы аудармасын беріп кеткен жөн. Бұл жайлы А.В. Федоров өз еңбегінде реалиялырды аудару проблемасы кезінде перифрастикалық аударма түрін ұсынып кеткен, яғни баламасыз лексемаларды сипаттамалы, экспликативті, дескритипті әдістерін қолдана отырып тәржімасын жасау [10, 97]. Себебі осындағай тәсіл түпнұсқа тіліндегі бірліктің толқтай мағынасын ашады. Сонымен бөрік сезін ағылшын тіліне *national beaver headdress* (ұлттық қамшаттан өңделген бас киім).

- Вестиалды лексика қандай да болсын тілдің байлығын бейнелейтін құнды дерек, сол ұлттың этникалық дәстүрін, діни көзқарастарын, шаруашылығын ашықтап, материалды және рухани мәдениетінен хабар береді. Қазақ халқының ұлттық киім-кешегінде өзіне ғана тән, қайталанбайтын эстетикалық талғамдары, салт-дәстүрі, әлеуметтік қатынастары, тіршілігі айқын көрініс табады. Көркем аударма барысында бұл бірліктердің көп жағдайда мағынасы бұрмаланып не толыққанды ұлттық бейнесі ашылмай жатады. Сайып келгенде, осы қателіктр тек тілдің ғана ерекшелігі көрсетуде кедергі болмай, ұлттың мәдениетінің қыр-сырын егжей-тегжейлі зерттеуде де мәселе туғызады. Мәдени-тұрмыстық лексиканың оның ішінде ұлттық киім-кешек элементтерінің мағынасы толығымен ашылмай, кей жағдайда бұрмаланып кетіп жатқан мәселені көзіктірдік. Зерттеу барысында аудармашылар реалия бірліктерін аудару кезінде жалпылама, баламасын табу немесе транслитерация әдістерін қолданған. Сол әдістердің ұтымды жолы болып, екінші тілде мейлінше мағынасына сай келетін баламасын анықтау, ал егер ондай жағдай мүмкін болмаса, транслитерация әдісін қолданып, түсініктемесін беру өзге тілді оқырманға жеңіл қабылданатын еді. Ал жалпылау әдісін қолдану бастапқы мағынаның бұрмалануына және ұлттық бейненің жоғалуына алап келуі мүмкін деген шешімге келдік.

«Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспеттес. Талғам мен салтанаты жарасқан қазақтың киімі ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі» [1, 22] Сондықтан мәдени бірліктермен жұмыс жасаған кезде аудармашы тек бірліктердің екінші тілдегі атауларын ғана білгені аз, оның міндеті екінші тілдік тұлға ретінде ұлттық нышанды өзге тіл оқырмандары түсінетіндей бейімдеп, егжей-тегжейлі түсініктеме беріп, ең бастысы қазақ халқының төл әдебиетін дүниежүзі деңгейінде танытып, дәрежесін асқақтату. Сол себепті аудармашы алдындағы міндет те аса жауапкершілікті талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Манкеева Ж.М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері // Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы. 1997. 272 б.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Филол.ғыл.канд... дисс: Алматы. 1995. 144 б.
3. Мұсіропов F. «Ұлпан» романы, <https://kitap.kz/books/ulpan/read>
4. Musirepov G. “Ulpan is her name” <https://adebiportal.kz/kz/translation/view/70>
5. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. 728 б.
6. Түсіндірме сөздігі <https://kk.wikipedia.org/wiki/Пұшпак>
7. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет күәлары. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 212 б.
8. Өуезов М. «Абай жолы» https://kitap.kz/books/abaj_zholi_i_kitap
9. Auezov M. “Path of Abai” http://auezov.kz/page.php?page_id=305&lang=2
10. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. – М.: Высш. Шк., 1984.